

Қ ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ  
АҚТӨБЕ ӨНІРЛІК МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ «РУХАНИЯТ» МУЗЕЙІ

*11 қараша, 2016 жыл*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ  
25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН  
“ДІНШІЛДІК, ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ ЖӘНЕ  
РУХАНИ ТӘРБИЕ”

атты республикалық ғылыми конференция

**МАТЕРИАЛДАРЫ**



Ақтөбе - 2016

## АҚТӨБЕДЕГІ АЛҒАШҚЫ МЕШІТ: ҚАЙРАТКЕРЛЕР ТАҒДЫРЫ

*Нуркеева Л.С.*

*Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Табиғат және экологияны ғылыми-зерттеу» бөлімінің аға ғылыми қызметкері, Ақтөбе қ.*

1869 жылы Елек өзенінің сол жағасында бой көтерген Ақтөбе әскери бекінісінің тұрғындар саны қоныстанушылар есебінен жыл сайын артып отырған. Мұсылмандар қауымын жергілікті қазақтардан бөлек татар көпестері мен дін өкілдері құраған еді. Бекіністің шығыс бөлігіндегі төбелі-ойлы ауданы татар көпестерінің шоғырланған жері болғандықтан Татар славодкасы аталған. Дәл осы жамағат уезд басшысы подполковник П.И. Сунгуровтың кезінде (1880-1885 жж) қалада мешіт тұрғызу туралы мәселенің шешілуін сұраған екен [1.259-6]. Алайда қаладағы мұсылмандардың саны аз болып, уездік қазына қаржысы да жетпегендіктен іс шешілмей, қала басшысы Сұлтан Сейдалининнің кезінде (1892-1893 жж) тағы талқыланады.

Ақыры іс шешілмегендіктен 1900 жылы қаладағы барлық мұсылмандар кеңесе келе өз қаражаттарын ортаға салып мешіт құрылысын бастауды жөн көреді. Кіші Құрылтайда ақсақалдар Үлкен төбенің шығыс жақ етегіндегі алаңқайды таңдап, ақша жинау үшін қайырымдылық қорын ұйымдастырады. Түрлі қиындықтар мен 1901 жылғы аштыққа қарамастан қала мұсылмандары бастаған игі іс сол жылдың жаз айында мешіт іргетасын қалаумен басталып 1903 жылы жаз мезгілінде аяқталады. Халық боп көтерген кешенде мешіт, алыстан келген меймандарға арналған қонақ үй, азаншы үйі, намаз оқуға арналған жазғы алаң, мал байлайтын орын мен тастан қаланған құдық болды [2.260-6]. Жаңа мешітте алғашқы намаз 1904 жылы оқылды.

Ал осы Ақтөбе қаласындағы алғашқы мешітті көтеріп, ұрпақтың рухани кемелденуіне үлес қосқан азаматтар кімдер болды екен? Жергілікті тұрғын, көнекөз қария Арыстан атаның айтуынша татар көпес Шахбулатбай Джабаров, оның орынборлық досы Махмутбай Ибрагимов, С.Алюков, Х.Губайдуллин, А.А.Хусаинов, Ф.Забилов, М.Далатказин, А.Абдрашитов, Г.Сагадеев, Ахмет Садыков, Арынғазиев сұлтандар әулетінің өкілі Мырзақай Ғаббасов, Ибрагим мен қобдалық Табын руының өкілдері, мешіттің алғашқы имамы Ибрагим Мажитов, алғашқы азаншысы Ғарифолла Януаров, шебер Вали Усманов атты жандар еді [3. 257,259,261-262 бб]. Сонымен бірге мешіт құрылысының аяқталуына ақша бөліп зор үлес қосқан 1892 жылы Орынбордан көшіп келген ақтөбелік алғашқы молда Ахмет Фазыл Құрбанаев (1934 жылы қайтыс болған) туралы да айтқанымыз жөн [4].

Міне, бүгінгі күні жүзжылдық тарихы бар қалалық мешіттің құрылысын бір кісідей жұмыла атқарған ақтөбелік азаматтардың өздері ХХ ғасырдағы қызыл үкіметтің солақай саясатының құрбандарына айналды. 1929 жылы Ақтөбе қалалық мешіті жабылып, 1930 жылы 2 наурызда мешіт имамы Нұрмұхамед Имшиев тұтқындалды. Махмутбай Ибрагимов те түрмеге камалып, Меккеге екі рет жаяу барып келген, он жыл бойы қала мұсылмандарын намазға шақырып азаншы қызметін атқарған 68 жасар Ғарифолла қажы Януаров та 1937 жылдың күзінде саяси тұтқындар лагеріне айдалған. Биліктің теріс шешіміне қарсы шығып аштық жариялаған қажы 1939 жылы 70 жасында Талды-Қорғанда қайтыс болған. Балалары, соның ішінде Зейнолла Януаров әкесінің бейітін қанша іздесе де таба алмай келген, артында қалған құнды жазба мұраларын да жанұясы саяси қуғыннан жасқанып өртеп жіберген екен. 1949 жылы Ғарифолла қажының аяулы есімі ақталып шықса да бәрі кеш еді [5. 263-264 бб].

Ішкі істер мұрағатына сүйене нақтыласақ – Ғарифолла Януаров 1869 жылы Уфа губерниясы, Прихотов ауданы, Жаңа Шахов елді мекенінде туған; ұлты татар; білімі діни. Ақтөбе қаласының тұрғыны, қызметі - молда. Ақтөбе облысы УНКВД шешімімен 1937 жылы 29 қазанда тұтқындалған, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-8, 58-10 бабымен сотталып, 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалған. 1989 жылы 15 маусымда Ақтөбе облыстық прокуратурасы шешімімен толық ақталған [6].

Түрлі саяси жаламен қапасақ қамалғандар мен атылғандар ішінде Муса Далатказин де бар, ол диірмен кәсіпшілігінің иесі, ақтарға көмек беріп Кеңес үкіметіне қарсы шықты деп күшпен айыпталып 1918 жылы атылған. Балалары да өз қызметтерінен қуылып тағдыр тәлкегіне түскен, мысалы қызы Ақтөбе аймақтық сот хатшысы боп кейін қызметтен қуылған [7], ал ұлы Ғаббас 1908 жылы Ақтөбеде туған, жоғары білімді экономист, Алматы жүн дайындау бірлестігі басшысының орынбасары қызметінде тұтқындалып, Алматы УНКВД үштік шешімімен 1938 жылы 16 қарашада атылған [8].

Саяси репрессия құрбандарының Естелік кітабында алтын қолды шебер Усманов Валидің де есімі бар. Онда Усманов Валий Халикович 1867 жылы Қазан губерниясы, Березов елді мекенінде туған; ұлты татар; білімі – бастауыш; қызметі сұрыптаушы; тұрғылықты мекен-жайы: Ақтөбе қаласы. Ақтөбе ОГПУ шешімімен 1930 жылы 4 наурызда тұтқындалған, РСФСР Қылмыстық кодексінің 58-10 бабымен сотталған. 3 жылға бас бостандығынан айырылып еңбекпен түзеу лагеріне айдалған. 1990 жылы 21 мамырда Ақтөбе облыстық прокуратурасымен ақталған [9], бірақ қала халқының мақтанышы атанған Вали шебер тұтқындалған жылы қайтыс болған [10]. Негізсіз, ойдан шығарылған жаламен тұтқындалған абзал жандардың соңғы күндері Карлагта өткені мәлім.

Қаладағы алғашқы мешітті салуға белсене араласқан топ мүшелері жалпы өлкеміздің жан-жақты дамуына, әлеуметтік мәселелерді шешуге, өскелең ұрпақ тәрбиесіне қосқан үлестері көп. Атақты көпес Ахмет Садықов қала тұрғындырына аянбай көмек берген, тауарын еш кепілсіз және пайызсыз сатқан, ақшадан тарыққан жанға түсіністікпен қарап төлеу мерзімін ұзартуға рұқсат еткен. Ақтөбеліктердің Садықовты жоғары бағалап, құрмет тұтқан, ал шебер Валий Усмановтың көмегіне қала түгелімен зәру болған: шебер Сабантойға арнап қайталанбас туынды деп жұрт тамсанған эткеншектер жасап орнатқан, Елек өзеніндегі көпірді салған, 1906-1910 жылдары қалада болған су басу апаты салдарын жоюға белсене қатысқан жан. Мырзақай Ғаббасовтың жеке жел диірмені қала халқын ұнмен қамтамасыз етіп, иесі он жыл бойы мектеп интернаттарға тегін ұн таратып қайырымдылық істермен танылған [11]. Бұған қоса дәл осы ақтөбелік азаматтардың бастамасымен Сабантой мерекесінде 1914 жылы 6 шілде күні тұңғыш рет Қазақстан велошабандоздар жарысы ұйымдастырылған. А.Хусайновтың қолдауымен В.Усманов басшылығымен құрылған ұйымдастыру комитеті құрамына М.Далатказин, Г.Сагадиев, А.Абдрашитов, Х.Губайдуллин, Ф.Забиров еніп, мереке барысында халық түрлі спорттық жарыстарды қызықтап, бәйгеден жүлде алып, оған қоса тұңғыш велошабандоз, алтын медаль иегері Сibaгaт Забировтың есімі әйгілі болды [12].

Ақтөбе мұсылмандарына рухани серпін беріп демеу бола білген, болашақтың қамын жеген аталғандардан басқа қайраткерлердің өмірі мен игі істерін зерттеу жұмыстарына негіз бар, біздің міндет – кеңестік солақай саясаттың құрбандарына айналған ақтөбелік дін өкілдері және азаматтардың есімдерін толықтай анықтап, құжаттар мен деректер негізінде келер ұрпаққа жеткізу.

#### Әдебиеттер:

1. Тарасенко Ф.Н и Ю.Ф. Город. Годы. Люди. Жизнь. Книга 1. – Ақтөбе., 2006. 259-б.
2. сонда. 260-б
3. сонда. 257,259,261-262 бб.
4. Кожухарь В. Актюбинская Мекка. <http://www.express-k.kz/news/> 16.09.2016.
5. Тарасенко Ф.Н и Ю.Ф. Город. Годы. Люди. Жизнь. Книга 1. – Ақтөбе., 2006. 263-264 бб.
6. Гарифулла Януаров. <http://mvd.gov.kz/portal/> 16.09.2016
7. 23.02.1929 ж Ақтөбе аймақтық бөлім коллегиясы хаттамасы. Ақтөбе облыстық тарихи- өлкетану музейінің қоры.
8. Ғаббас Мусаевич Далатказин. <http://rosgenea.ru/> 16.09.2016
9. [http://www.uznal.org/book\\_of\\_memory/](http://www.uznal.org/book_of_memory/) 16.09.2016
10. Валий Халикович Усманов. <http://rosgenea.ru/>
11. Тарасенко Ф.Н и Ю.Ф. Город. Годы. Люди. Жизнь. Книга 1. – Ақтөбе., 2006. 261-262 бб
12. Иржанов М. К 100-летию казахстанского велоспорта. <http://velotrek.kz>. 16.09.2016